ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 23 мамыр №1112-24-00-2/1166 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Bek» Бекбосынова Жибек Муратжановна жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Bek» Бекбосынова Жибек Муратжановна жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

«Bek» Бекбосынова Жибек Муратжановна жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 23.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.07.2024, судья Жакупов А. А., 10.07.2024
1112-24-3-1/1154

«Bek» Бекбосынова Жибек Муратжановна жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 23.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.07.2024, судья Жакупов А. А., 10.07.2024

1112-24-3-1/1154